

№15 (205)

18 СӘУІР  
СЕНБІ  
2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ  
22 АҚПАНЫНАН  
БАСТАП ШЫҒАДЫ

# Jaña Bastau

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 5 ЖЫЛ

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ

ҚОСШЫДА БЕЛСЕНДІ ҚОЛДАУ ТАПТЫ



Қосшының қала мәртебесін алғанына бес жыл толуына орай, аймақта шамамен мың адамның қатысуымен республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Жаңа қала – таза қала» атты ауқымды экоплоггинг өтті. Еске сала кетсек, мұндағы плоггинг дегеніміз – жүгіру немесе серуендеу кезінде қоқыс жинауды біріктіретін экологиялық қозғалыс. Атауы швед тіліндегі «röjka upp» (жинау) және ағылшын тіліндегі «jogging» сөздерінен шыққан. Біріктіріп, қазақ тіліне кіріктіріп айтқанда, «жүгіріп жүріп, жерді тазалау» деген мағына береді. Ол әрекеттің қоғамға тигізетін пайдасын мамандар «қоршаған ортаны қорғайды, дене белсенділігін арттырады және қоғамдық жауапкершілікті қалыптастырады» деп түсіндіреді. Ал бұл әдіс алғаш Швецияда пайда болып, кейін төрткүл дүниеге тараған.

4-бетте

Фотосурет: Ағабай Аманжол



## Заманауи талаптарға сай мектеп салынады

Қосшы қаласының әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жұмыстар қарқын алып келеді. Жуырда Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың төрағалығымен өткен жиында қаланың алдағы даму жоспарлары кеңінен талқыланды.

Облыс әкімдігінде өткен басқосуға құрылыс компанияларының өкілдері қатысып, Қосшы қаласының қазіргі жағдайы мен болашағына қатысты нақты жобалар қаралды. Әсіресе, әлеуметтік нысандар салу мәселесіне басым-

дық берілді. Осы орайда өңір басшысы Қосшы қаласының стратегиялық маңызын атап өтті.

– Биыл елдегі ең жас қалалардың бірі – Қосшы өзінің алғашқы бес жылдық мерейтойын атап өтіп отыр. Мемлекет басшысы бұл қалаға ерекше көңіл бөліп келеді. Қысқа уақыт ішінде құрылыс-жоспарлау құжаттары бекітіліп, соның аясында жаңа әлеуметтік және спорттық нысандар бой көтеріп жатыр. Қазір жеңіл рельсті көлік (LRT) желісінің құрылысы жүргізіле бастады және 350 төсек-орынға арналған стационар салынып жатыр. Сонымен қатар агро-

өнеркәсіптік бағыттағы инвестициялық аймақ қалыптасып келеді, – деді Марат Ахметжанов.

Жиында көтерілген негізгі мәселелердің бірі білім беру саласындағы жүктемені азайту болды. Осыған байланысты Қосшы қаласына 1 500 орындық жаңа мектеп салу жоспарланып отыр. Ол білім ордасы заманауи талаптарға сай болады. Екі спорт залымен, кең әрі ыңғайлы оқу кабинеттерімен және жаңа үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Бұл өз кезегінде қолданыстағы мектептерге түсетін салмақты азайтып, оқушыларға қолай-

лы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жиында қаладағы жол желілерін жөндеу жұмыстарын қайта бастау мәселесі де сөз болды. Бұл – күнделікті қарым-қатынасты жеңілдетіп, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Кездесу қорытындысында облыс әкімі жауапты өкілдерге барлық жобаны қысқа мерзім ішінде сапалы орындауды тапсырды.

Ғани АТЫМТАЙ

«Байлық 2022» ЖШС, БСН 220840020513, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы тұрғын ауданы, Оңтүстік-Шығыс (оң жағы), Бауыржан Момышұлы көшесі, 6 үй. тел.: 8 701 520 85 61.

ТОО «Байлық 2022», БИН 220840020513, сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, ж/м Алматы, ул. Бауыржан Момышұлы, д.б. тел.: 8-701-520-85-61.

«GMLimited (ГМлимитед)» ЖШС, БСН 220340018088, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 27 үй, 37 пәтер. т.:8 705 407 65 65.

ТОО «GMLimited (ГМлимитед)», БИН 220340018088, сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Нұра, ул. Чингиз Айтматова, д. 27, кв 37. тел.: 8 705 407 65 65.

«Иго Сервис» ЖШС, БСН 241140001439, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Айтиева көшесі, 154/1 үй, 240 кеңсе. тел.:8 707 759 80 59.

ТОО «Иго Сервис», БИН 241140001439, сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Алматы, Алмалинский р-н, ул. Айтиева, д. 154/1, оф. 240. тел.: 8 707 759 80 59.

«ВЕНТ КАЗ» ЖШС, БСН 260440009644, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Жібек жолы ауылы, Рысқұлов көшесі, 17 үй. тел.: 8 702 197 68 53.

ТОО «ВЕНТ КАЗ», БИН 260440009644, сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Акмолинская область, Аршалынский район, п. Жибек жолы, ул. Т. Рыскулова, д. 17. тел.: 8-702-197-68-53.

«Quatriss (Кватрисс)» ЖШС, БСН 220640022453, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 27 үй, 37 пәтер. тел.:8 705 407 65 65.

ТОО «Quatriss (Кватрисс)», БИН 220640022453, сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Нұра, ул. Чингиз Айтматова, д. 27, кв 37. тел.: 8 705 407 65 65.

«НІТЕСН ІНВЕСТ (ХАЙТЕК ІНВЕСТ)» ЖШС, БСН 220540024238, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 18 үй. тел.: 8 707 855 03 83.

ТОО «НІТЕСН ІНВЕСТ (ХАЙТЕК ІНВЕСТ)», БИН 220540024238, сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, ул. Достық, д. 18. тел.: 8 707 855 03 83.

«Мост-Ломбард» мемлекеттік емес ломбард» ЖШС 2026 жылғы 30 сәуірде кепілге қойылып, өтелмеген алтын бұйымдарды (583, 585, 500, 750 сынамалы) сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.

Лоттар саны: №1–166  
Жалпы салмағы: 447,69 грамм  
Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу 2026 жылғы 29 сәуір күні сағат 18:00-де аяқталады.  
Мүліктің орналасқан жері:  
Астана қаласы, Бөгенбай батыр даңғылы, 63-үй, 3-пәтер.

Сауда-саттық өткізу уақыты мен орны:  
Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 34-үй, 10-кеңсе, сағат 09:00.

Бағаны өзгерту қадамы: 10%  
Сауда-саттық әдісі: ағылшын әдісі  
Төлем тәртібі мен мерзімі:  
Мүлікті сату туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей, төлем реквизиттері бойынша аудару арқылы жүзеге асырылады.

Сенім білдірілген тұлға:  
Гильмияров Владимир Фирдусович  
Мекенжайы: Астана қаласы, Бөгенбай батыр даңғылы, 63-үй, 3-пәтер. Тел.: 8 705 696 45 56.

Төлем реквизиттері:  
«Мост-Ломбард» мемлекеттік емес ломбард» ЖШС  
БСН: 000640004826  
ЖСК: KZ3396503F0011514073  
Кбе: 15  
Банк: ForteBank  
БСК: IRTYKZKA.

ТОО «Негосударственный ломбард «Мост-Ломбард» сообщиает о проведении 30 апреля 2026 года торгов по реализации неустраиваемого заложенного имущества из золота 583, 585, 500, 750 пробы.

Количество лотов: №1–166  
Общий вес: 447,69 гр.  
Регистрация участников торгов заканчивается 29 апреля 2026 года в 18:00.  
Место нахождения имущества:  
г. Астана, пр. Богенбай батыра, д. 63, кв. 3.  
Время и место проведения торгов:  
г. Астана, пр. Жеңіс, д. 34, офис 10, в 09:00.  
Шаг изменения цены: 10%  
Метод проведения торгов: английский  
Порядок и сроки оплаты:  
Оплата производится не позднее 2 рабочих дней после подписания протокола реализации имущества путем перечисления на платежные реквизиты.

Доверенное лицо:  
Гильмияров Владимир Фирдусович  
Адрес: г. Астана, пр. Богенбай батыра, д. 63, кв. 3  
Тел.: 8 705 696 45 56.  
Платежные реквизиты:  
ТОО «Негосударственный ломбард «Мост-Ломбард»  
БИН: 000640004826  
ИИК: KZ3396503F0011514073  
Кбе: 15  
Банк: ForteBank  
БИК: IRTYKZKA.

«Камета» ЖШС, БСН 210440008786, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, С 345 көшесі, 5 үй. тел.: 8 700 506 93 93.

ТОО «Камета», БИН 210440008786, сообщиает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Байқоңыр, ул. С 345, дом 5. тел.: 8 700 506 93 93.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

### Құрметті тұрғындар!

«City Transportation Systems» ЖШС қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жобалық құжаттама бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысын алу мақсатында «Астана қаласының жаңа көлік жүйесі. LRT. 1 кезек» (Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайынан «Нұрлы жол» теміржол вокзалына дейінгі учаске) жұмыс жобасына арналған ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін ашық жиналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобаланатын объектілер LRT трассасы бойында №101 «Халықаралық әуежай» станциясынан «Нұрлы жол» теміржол вокзалы ауданына дейін орналасқан, 101-118 станциялар мен аралықтар. Қоғамдық тыңдаулар жоспарланып отырған қызметтің әсер ету аймағына кіретін Астана қаласының Сарайшық ауданы үшін өткізіледі.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: Станция 101–51.028285, 71.45844, Станция 102–51.041113, 71.442391, Станция 103–51.049306, 71.429280, Станция 104–51.055985, 71.418543, Станция 105–51.075823, 71.398012, Станция 106–51.081092, 71.400076, Станция 107–51.081092, 71.400076, Станция 108–51.100050, 71.406778, Станция 109–51.106100, 71.408948, Станция 110–51.114613, 71.411528, Станция 111–51.121782, 71.413029, Станция 112–51.123245, 71.428338, Станция 113–51.121844, 71.439535, Станция 114–51.116985, 71.468516, Станция 115–51.115048, 71.480780, Станция 116–51.112300, 71.498428, Станция 117–51.109560, 71.516012, Станция 118–51.111983, 71.528863

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта 26.05.2026 жылғы сағат 15:00-де өтеді:  
- ашық жиналыс түрінде келесі мекенжай бойынша: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті  
- MS Teams қосымшасы арқылы бейнеконференция форматında.  
MS Teams бейнеконференциясына онлайн

қосылу сілтемесі:

<https://us06web.zoom.us/j/89415559595?pwd=agsbG1PbbaabSjJTWcawSb3tdnY0AAX.1>  
Жиналыс идентификаторы: 894 1555 9595  
Қол жеткізу коды: sK9eUi

Қатысушыларды тіркеу қоғамдық тыңдаулар басталғанға дейін 30 минут бұрын жеке куәлік арқылы жүргізіледі (өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болуы қажет).

Шектеу шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар тек MS Teams қосымшасы арқылы онлайн форматта өткізілетін болады.

Барлық мүдделі тұлғаларды қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырамыз.

Жобалық материалдармен Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғи ресурстар туралы Ұлттық деректер банкі порталында [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz) танысуға болады, сондай-ақ «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ арқылы сұратуға болады:  
Мекенжайы: Астана қ., Сарыарқа даңғылы, 13. Тел.: +7 (7172) 55-75-79 Эл. пошта: [uoosip@astana.kz](mailto:uoosip@astana.kz).

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжайлар бойынша қабылданады: [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz) порталы арқылы, сондай-ақ Астана қ., Сарыарқа даңғылы, 13 мекенжайы бойынша. Тел.: +7 (7172) 55-75-79, Эл. пошта: [uoosip@astana.kz](mailto:uoosip@astana.kz).

Астана қаласы Есіл ауданы әкімінің аппараты» ММ мекенжайы: Астана қ., Мөңгілік Ел даңғылы, 30.

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық пошта және телефон нөмірлері: «EcoProf KZ» ЖШС – [info@ecoprof.kz](mailto:info@ecoprof.kz), +7 (7212) 41-61-91.

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы – «City Transportation Systems» ЖШС, БСН 110540005586.

Тіркеген мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Бейбітшілік көшесі, 9. Тел.: +7 747 217 0188, E-mail: [office@cts.gov.kz](mailto:office@cts.gov.kz).

Әзірлеуші – «EcoProf KZ» ЖШС, БСН 131240019006. Заңды мекенжайы: M01F2B4, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Аманжолов көшесі, 17/3, н.п. 1. Тел./факс: +7 (7212) 41-61-91, E-mail: [info@ecoprof.kz](mailto:info@ecoprof.kz).

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

### Уважаемые жители!

ТОО «City Transportation Systems» сообщиает о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы по проектной документации по охране окружающей среды для получения заключения государственной экологической экспертизы по Отчету о возможных воздействиях к рабочему проекту «Новая транспортная система города Астаны. LRT. Очередь I» (участок от международного аэропорта Нурсултан Назарбаев до железнодорожного вокзала «Нұрлы жол») Станция 101–118, перегоны. Проектируемые объекты расположены по трассе ЛРТ от станции №101 «Международный аэропорт» до района железнодорожного вокзала «Нұрлы жол». Общественные слушания проводятся для района Сарайшык, на территорию которого распространяется воздействие намечаемой деятельности.

Географические координаты области воздействия: Станция 101–51.028285, 71.45844, Станция 102–51.041113, 71.442391, Станция 103–51.049306, 71.429280, Станция 104–51.055985, 71.418543, Станция 105–51.075823, 71.398012, Станция 106–51.081092, 71.400076, Станция 107–51.081092, 71.400076, Станция 108–51.100050, 71.406778, Станция 109–51.106100, 71.408948, Станция 110–51.114613, 71.411528, Станция 111–51.121782, 71.413029, Станция 112–51.123245, 71.428338, Станция 113–51.121844, 71.439535, Станция 114–51.116985, 71.468516, Станция 115–51.115048, 71.480780, Станция 116–51.112300, 71.498428, Станция 117–51.109560, 71.516012, Станция 118–51.111983, 71.528863

Общественные слушания будут проходить в смешанном формате 26.05.2026 года в 15:00:  
- в форме открытого собрания по адресу: г. Астана, проспект Тауелсіздік 50, Казахский национальный университет искусств им. Күләш Байсейітовой  
- посредством видеоконференции с использованием приложения Zoom.

Ссылка на онлайн подключение к видеоконференции Zoom:

<https://us06web.zoom.us/j/89415559595?pwd=agsbG1PbbaabSjJTWcawSb3tdnY0AAX.1>  
Идентификатор конференции: 894 1555 9595

Код доступа: sK9eUi

Регистрация участников осуществляется по удостоверениям личности за 30 минут до начала общественных слушаний (необходимо иметь при себе удостоверение личности). В случае введения ограничительных мероприятий, в том числе карантина, общественные слушания будут проводиться только в онлайн режиме через приложение MS Teams. Всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

С материалом можно ознакомиться в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz), также запросить в ГУ «Управление охраны окружающей среды и природопользования города Астаны».

По адресу: г. Астана, пр. Сарыарқа, 13, тел. +7 (7172) 55-75-79, эл. почта: [uoosip@astana.kz](mailto:uoosip@astana.kz).

Замечания и предложения принимаются: по ссылке [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz), и по адресу: г. Астана, пр. Сарыарқа, 13, тел. +7 (7172) 55-75-79, эл. почта: [uoosip@astana.kz](mailto:uoosip@astana.kz).

Адрес ГУ «Аппарат акима района Есиль города Астана»: г. Астана проспект Мангилик Ел, 30.

Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: ТОО «EcoProf KZ» - [info@ecoprof.kz](mailto:info@ecoprof.kz), +7 (7212) 41-61-91.

Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «City Transportation Systems», БИН 110540005586.

Адрес регистрации: ТОО г. Астана, ул. Бейбитшилик, 9. Тел.: +77472170188, e-mail: [office@cts.gov.kz](mailto:office@cts.gov.kz).

Разработчик – ТОО «EcoProf KZ», БИН 131240019006. Юридический адрес: M01F2B4, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Аманжолова, д. 17/3, н.п. 1. тел./факс: +7 (7212) 41-61-91, e-mail: [info@ecoprof.kz](mailto:info@ecoprof.kz).



# МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІЛУІ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНА ДА БАЙЛАНЫСТЫ

Фотосурет: Қосшы қаласының әкімдігі



Бұл туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының III республикалық форумында сөйлеген сөзінде: «Қуатты аймақтар – қуатты ел» қағидатына сәйкес, мәслихаттардың беделін көтердік. Соның арқасында осы құрылымдар мемлекеттік басқару жүйесіндегі басты институттың біріне айналды. Дегенмен мәслихаттардың әлеуетін одан әрі күшейтуіміз керек, – дей отырып, өкілді орган өкілдері үшін бірқатар міндетті атап көрсеткен болатын.

Сол сәтте мемлекет басшысы аймақтардың өз бюджетін мұқият жоспарлап, табысын арттыруға баса мән беруге тиіс екенін жеткізді. Яғни, бюджет қаражатын тиімді пайдалана отырып, жүйелі жұмыс істеу қажет. Осы ұстанымды берік ұстана отырып, Қосшы қаласы мәслихатының депутаттары өз функцияларын іске асыруда әр сала бойынша бюджеттің тиімді жұмсалуды бақылауда ұстап келеді.

Форумда айтылған маңызды міндеттің бірі – барлық деңгейдегі билік өкілдерінің халықпен ашық әрі түсінікті әңгіме, сұхбат орната білуі қажет екені туралы болған. Шағымданатын азаматтардың арасында түрлі саланың өкілдері болатыны анық. Солармен тиімді диалог орната отырып, қызмет жасаудың депутаттар жұмысын нәтижелі ете түсетіні сөзсіз. Бұл міндетті іске асыруда мәслихат төрағасы Әлихан Қуатбеков бастамашы бола отырып, тұтас депутаттық корпус өкілдері сайлаушылармен ашық диалог орнатуға қол жеткізді. Қосшы қаласы және Тайтөбе ауылы бойынша барша сайлау округінің тұрғындармен (оның ішінде көпқабатты тұрғын үй кешендері, көшелер, шағын аудандар) тұрақты түрде есептік кездесулер өткізуі үрдіске айналған. Әр кездесуде көпшіліктің көкейінде жүрген түрлі салаға қатысты сауалдар қойылып, оған заң аясында жауап беріледі. Түйткілді сауалдардың шешімін табу бойынша жауапты өкілдерге, мекемелерге

Елімізде 2019 жылдан бері кең ауқымды саяси өзгерістердің жүргізіліп жатқаны белгілі. Игі бастамалардың бәрі де халықтың әл-ауқатын арттыру, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту үшін қолға алынған. Мемлекеттік басқару жүйесін, экономиканы және әлеуметтік саланы түбегейлі жаңғырту бойынша ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Осы орайда мәслихаттардың алдында тұрған миссия айрықша. Ал ондай өкілді органдарды күшейту мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып келеді.

депутаттық сауалдар жолданады. Әрі қарай жұмыс нәтижелі жүргізілгенге дейін бақылауда болады. Яғни, сөз айтылған жерде қалмайды.

Президент мәслихаттардың жоғары заң шығарушы органға қажетті кадрларды даярлауға белсене атсалысуы керек екенін де атап көрсеткен болатын. Бұны елді басқару жүйесінде жергілікті өкілді орган өкілдерінің қызметін арттыру, мәслихат депутаттарының заң шығару жобаларына қатысуын қамтамасыз етуге берілген мүмкіндік деуге болады. Мемлекет басшысының кейбір саяси

партия өкілдерінің барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарын сайлауды да құрылтай сайлауы тәрізді пропорциялы жолмен жасақтауды ұсынғанына қарамай, мажоритарлық, яғни бір мандатты жүйемен сайлану жүйесін қалдыруды құп көргені белгілі. Өйткені жергілікті жерлерде жұртшылықпен тілдесетін де, олардың мәселелерімен бетпе-бет келетін де мәслихат депутаттары. Әрі бұл жүйенің ешқандай партияға кірмейтін, бірақ қолынан іс келетін, халық қолдайтын азаматтар үшін қажет екені сөзсіз. Елімізде жүргізіліп жатқан саяси

өзгерістердің ұлт мүддесіне қызмет етуі, шығарылып жатқан заңдардың халықтың қажеттілігіне жұмыс істеуі бәрінен маңызды екені анық. Ал мәслихаттың өкілеттілігі арта түссе, жергілікті депутаттардың қызмет аясы да кеңей бермек.

Депутат болу – ел адамы болу. Сондықтан да халықтың сенімін ақтаудан артық абырой жоқ.

**Қуаныш ТЫНЫБЕК,  
Қосшы қаласы мәслихатының  
баспасөз хатшысы**



## Тұрғындарға тегін құқықтық көмек көрсетілді

Қосшы қаласының аумағында Ақмола облыстық адвокаттар алқасының қолдауымен «Адвокат кеңес береді» атты бірлескен акция өтті.



Іс-шара аясында қала тұрғындары кәсіби адвокаттардан тегін құқықтық кеңес алу мүмкіндігіне ие болды. Акцияда алимент өндіру, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау, денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу, әлеуметтік көмек мәселелері кеңінен қамтылды. Сонымен қатар көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың құқығын қорғау, зейнеткерлердің, мүгедектігі бар азаматтардың және ардагерлердің құқығына қатысты сұрақтар бойынша да кеңес берілді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл бастама алдымен әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға қолдау көрсетуге бағытталған. Сондай-ақ кәсіпкерлік қызметке қатысу жоқ өзге де құқықтық мәселелер қарастырылды.

– «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында «Халық заңгері» акциясы өткізілді. Бұл акцияның басты мақсаты – халықтың құқықтық сауатын арттыру және әр азаматтың өз құқығы мен міндетін дұрыс түсінуге ықпал ету. Іс-шарада тұрғындарға тұрмыстық даулардан бастап, күрделі құқықтық жағдайларға дейін түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Негізгі назар құқықтық сауатсыздықтың салдарынан туындайтын мәселелердің алдын алуға бағытталды. Бұдан бөлек, халықтың құқықтық жүйеге деген сенімін арттыру және заңға жүгіну мәдениетін қалыптастыру да басты міндеттердің бірі болды, – дейді Қосшы қаласы әкімінің аппараты мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы Ғалымжан Жұмахметов.

Шынында да осындай маңызды акциялар тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және өз құқығын қорғауда нақты көмек алуға мүмкіндік береді.

## Қаланың инфрақұрылымы жаңғыртылып жатыр

Қосшыда биыл инфрақұрылымды кешенді жаңғыртуға бағытталған ауқымды жобалар қолға алынып отыр. Бұл бастамалар тұрғындардың өмір сапасын арттыруды, коммуналдық жүйелердің сенімділігін күшейтуді және қаланың ұзақ мерзімді дамуына берік негіз қалыптастыруды көздейді. Қала әкімдігі баспасөз қызметінің бізге берген мәліметінше, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, жылу жүйесін жаңарту және елді мекендерді газдандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіледі.

### Балаларға арналған жаңа кеңістіктер

Қалада өскелең ұрпақтың бос уақытын тиімді ұйымдастыруына ерекше көңіл бөлініп отыр. Осы бағытта алдағы уақытта 4 балалар ойын алаңы мен 2 футбол алаңын салу жоспарланған. Бұның балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуға, оларды спортқа баулуға және саламатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам екені белгілі.

Қазір бұл нысандардың металдық құжаттамасы бекіту кезеңінде. Құрылыс жұмыстары жоба толық мақұлданғаннан кейін басталады. Мамандардың айтуынша, жаңа алаңдар заманауи талаптарға сай салынып, қауіпсіздік мәселесіне басымдық беріледі. Яғни, тұрғындар үшін қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру көзделіп отыр.

### Орталық қазандық орнатылады

Қосшыдағы ең ірі әрі стратегиялық маңызы бар жобалардың бірі – орталық қазандықты жаңғырту. «Ақмола облысы, Қосшы қаласындағы су жылытқыш қазандықты кеңейту және қайта жаңғырту» жобасы аясында нысанның қуаты 40-тан 90 Гкал/сағатқа дейін ұлғайтылмақ. Бұл жоба қаланың жылу тапшылығын толық жоюға мүмкіндік беріп қана қоймай, жаңа тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды тұрақты жылумен қамтамасыз етуге жол ашады. Жобаны «Urban Structure» ЖШС әзірлеген болса,

бас мердігер ретінде VI Group құрамындағы «КАРАТАС МАЙНИНГ» ЖШС белгіленген.

Жаңғырту кезінде заманауи, энергия үнемдейтін әрі экологиялық қауіпсіз технологиялар енгізіледі. Атап айтқанда, жоғары тиімділікке ие жаңа буындағы қазандықтар орнатылады. Бұл жабдықтар отынды үнемді пайдаланып, жылу беруді арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар түтін газдарын автоматты түрде бақылау жүйесі енгізіліп, қоршаған ортаға келетін зиянды әсер азайтылмақ.

Энергия тиімділігін арттыру мақсатында жиілік реттегіштерімен жабдықталған сорғы стансасы қарастырылған. Бұл электр энергиясын үнемдеуге және пайдалану шығындарын төмендетуге мүмкіндік береді. Ал өндірістік үдерістердің толық автоматтандырылуы адам факторын азайтып, қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған.

Жобаның тағы бір маңызды бөлігі – электрмен жабдықтау. Осы мақсатта қуаты 4 МВт болатын жаңа қосалқы станса салу және жоғары кернеулі желі тарту жоспарланып отыр. Қазандық ғимаратының өзі де заманауи өндірістік стандарттарға сай бой көтермек.

Қазір жобалау жұмыстарының шамамен 90 пайызы аяқталған. Негізгі техникалық шешімдер бекітіліп, жабдық жеткізуші анықталған. Алдағы кезеңде жоба мемлекеттік сараптамадан өтіп, құрылыс жұмыстары басталады. Алдын ала есеп бойынша, жобаның құны 14,5 млрд теңгеден асады. Құрылысты іске асыру мерзімі 9-12 ай аралығына жоспарланған.

Жоба толық іске асқан жағдайда Қосшы қаласындағы жылу тапшылығы мәселесі түбегейлі шешімін табады. Сонымен қатар жаңа шағын аудандар мен әлеуметтік нысандарды жылумен қамту мүмкіндігі артып, коммуналдық жүйенің жалпы сенімділігі едәуір күшейеді.

### Тайтөбеге көгілдір отын жетеді

Қала инфрақұрылымын дамытудағы

тағы бір маңызды бағыт – Тайтөбе ауылын газдандыру. Бірнеше жылдан бері кезең-кезеңімен жүргізіліп келе жатқан бұл жоба өңір тұрғындары үшін аса маңызды.

Жалпы құны 1,8 млрд теңге болатын жоба аясында газ тарату желілерін салу қарастырылған. Газбен қамту Қосшы қаласынан жүргізіледі. Қазір орта және төмен қысымды газ желілерінің бір бөлігі тартылып, газ реттеу пункттері ішінара орнатылған. Жалпы, жобаның орындалу деңгейі – шамамен 24 пайыз.

Алайда қаржыландыру мәселесіне байланысты, құрылыс жұмыстары уақытша тоқтап тұр. Бұған дейін бөлінген қаражат толық игерілген. Қазір облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы жобаны жалғастыру үшін қосымша қаржы бөлу мүмкіндігін қарастырып отыр.

Егер қажетті қаражат толық көлемде бөлінсе, мердігер компания құрылыс жұмыстарын биыл аяқтауға дайын екенін мәлімдеген. Бұл жоба іске асқан жағдайда ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасы айтарлықтай жақсарып, экологиялық жағдай да оңалмақ.

### Тұрақты даму – басты мақсат

Жалпы, Қосшы қаласында іске асырылып жатқан бұл жобалар – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін нақты қадамдар. Балаларға арналған инфрақұрылымның дамуы, жылу жүйесінің жаңғыртылуы және газдандыру жұмыстары тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай кешенді жобалар қаланың инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымын нығайтып қана қоймай, оның инвестициялық тартымдылығын да арттыра түседі. Ал бұл өз кезегінде Қосшының болашақта қарқынды дамыған, жайлы әрі заманауи қалаға айналуына негіз болмақ.

# «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ

## ҚОСШЫДА БЕЛСЕНДІ ҚОЛДАУ ТАПТЫ

(Басы 1-бетте)

Сонымен, Ақмола облысы мен Қосшы қаласының әкімдіктері ұйымдастырып, «Таза Қазақстан өзімізден басталады!» ұранымен өткен тың іс-шараға қала әкімі Азамат Қапышевтен бастап, жергілікті мәслихат депутаттары, АМАНАТ партиясы мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, кәсіпкерлер, еріктілер және белсенді жастар қатысты. Сондай-ақ Ақкөл, Шортанды, Аршалы, Целиноград және Қорғалжын аудандарынан келген жастар да үн қосты. Плоггингтің түпкі талабына сай,

олардан құралған командалар қалалық аумақтарды қоқыстан жүгіру арқылы тазалады.

Осы орайда белгілі спортшы Темір Сыпатаев, «Жасыл ел» штабының өкілі Мәдина Ізбасарова, «Esbol Qoғу» төрағасы, ҚР Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес мүшесі Жандос Ақтаев және Қосшы қаласы Жастар ресурстық орталығының маманы, экобелсенді Иназ Кәукенова сөз сөйлеп, бұл бастаманың маңызын атап өтті. Ал акцияны ресми түрде Ақмола облысы әкімінің орынбасары Досұлан Айтбаев бастап берді.

– Бүгін біз «Жаңа қала – таза қала» атты ауқымды экологиялық акция аясында біріктік. Оған тек қала тұрғындары ғана емес, облысымыздың барлық аймағынан белсенділер қатысып жатыр. Мұндай бастамаларды қолдау – асыл іс. Оған мемлекет басшысы ерекше мән береді, – деп атап өтті ол.

Содан кейін бұқаралық жаттығумен басталған іс-шараны бодибилдингтен бірнеше дүркін ел чемпионы Елена Матвиенко жүргізді. Кейін қатысушылар аумақтарды тиімді қамту үшін 10 топқа бөлініп, алдын ала белгіленген көшелер мен саябақ зоналарында тазалық жұмыстарын жүргізді. Әр топқа жетекшілер бекітіліп, жұмыс жүйелі ұйымдастырылды.

– Бұл – мен үшін басқаларға үлгі көрсету мүмкіндігі. Біз жас әрі әсем қалада өмір сүреміз және оны осындай қалпында сақтау – міндетіміз. Көшеге жүздеген адамның тазалық үшін шыққанын көргенде шабыттана-сың, – дейді белсенділердің бірі Олеся Манжура.

Сонымен қатар Ақмола облысы әкімдігінің баспасөз қызметі «Таза Қазақстан» жобасы басталғалы бері



Қосшыда бірталай кешенді жұмыс жүргізілгенін жеткізді. Атап айтқанда, мұнда тарихи-мәдени нысандар ретке келтіріліп, су айдындарының жағалаулары тазаланып, мыңдаған көшет отырғызылып және балалар алаңдары абаттандырылды. Нәтижесінде 30 тоннадан аса қоқыс жиналды. Ал мына экоплоггинг Қосшы қаласының

мерейтойы аясында осы стратегияның логикалық жалғасы болып отыр.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай акциялар тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырып қана қоймай, қоғамда тазалық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Ерік ЕЛЕУСІЗ



## 23 СӘУІР – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КІТАП ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ КҮНІ

Біз үшін 23 сәуір – кітаптың адамзат өміріндегі маңызын дәріптеп, оқуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталған маңызды мереке. Осы атаулы күн кітаптың құндылығын қайта зерделеп, кітапхана мен кітапханашылар еңбегіне құрметпен қарауға үндейді.

Қазіргі қоғамда ақпарат көздерінің көбеюі мен технологияның қарқынды дамуы кітаптың рөлін әлсіреткендей әсер қалдыруы мүмкін. Алайда кітап – адамзат өркениетінің негізі болып қала береді. Ал кітапхана – сол асыл мұраны сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін рухани орталық.

Кітапхана қызметкері – тек кітап ұсынушы емес, оқырманға бағыт-бағдар беретін кеңесші, ақпарат әлемінде жол көрсететін білікті маман. Әрбір оқырманның сұранысын дәл түсініп, қажетті ақпаратты таба білу үлкен жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті талап етеді.

Бүгінде кітапхана ісі заман талабына сай жаңарып келеді. Қазіргі кітапханалар цифрлық технологияларды кеңінен қолданатын, білім мен ақпараттың заманауи орталығына айналып отыр. Мысалы, мектеп кітапханаларында QR-код арқылы кітаптар мен қосымша ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігі жасалған. Бұл оқушылардың ақпаратты жылдам әрі тиімді алуына жағдай туғызады.

Сонымен қатар кітапханаларда түрлі мәдени-ағартушылық іс-шаралар – әдеби кештер, кітап көрмелері, кездесулер мен шеберлік сабақтары ұйымдасты-

рылып, оқырман мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Мұндай шаралар жас ұрпақтың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Өкнішке қарай, қазір жастар арасында кітапхана ісі мамандығына деген қызығушылық төмен деңгейде. Дегенмен бұл сала – тек дәстүрлі қызметпен шектелмейтін, ғылым мен технологияны, мәдениет пен білімді ұштастыратын заманауи әрі маңызды мамандықтардың бірі.

Халқымыз «Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деп бекер айтпаған. Сол бұлақтың көзін ашып, оқырманға бағыт беретін – кітапханашы. Сондықтан кітапхана қызметкерлерінің еңбегі – қоғамның рухани дамуына қосылған үлкен үлес.

Қорыта айтқанда, кітапхана – өткен мен болашақты жалғайтын алтын көпір. Ал кітап – сол көпірдің берік тірегі. Кітап оқитын ұрпақ – рухани бай, саналы қоғамның кепілі.

Айнаш СӘБИТҚЫЗЫ,  
№4 ЖОББМ кітапхана қызметкері



Jana  
Bastau

Меншік иесі –  
«Bastau Media» ЖШС

Директор –  
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор  
Еркеғали БЕЙСЕНОВ

Бас редактордың орынбасары  
Дастан КЕНЖАЛИН

ЖУРНАЛИСТЕР:  
Жанар АХМЕТОВА,  
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:  
Мархабат АСЫЛБЕК  
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші  
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор  
Ерік ЕЛЕУСІЗ

• Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС,  
Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77

• Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

📍 Редакция мекенжайы:  
Қосшы қаласы,  
Республика даңғылы, 46

☎ Байланыс телефоны:  
тел.: +7 (701) 709-88-82

📄 Газет «Jana Bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

✉ janabastau2022@gmail.com  
www.janabastau.kz